

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Зейнетақы қоры қайда жұмсалып жатыр»

Орындаған: Педагогикалық факультетінің “Қаржы”
мамандығы 3-курс студенті Баксикова Айжан
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, э.ғ.м. Салимбаева Ш.Д.



Орал 2017ж



Тәуелсіз Қазақстанның өткен жылдарындағы үздіксіз реформаларының бірі зейнетақы жүйесіне қатысты. Соның ішінде жұртшылық арасында «зейнатақы жарнасы қайда кетіп жатыр?» деген сұрақта жиі қойылады. Бұған дейін жеке зейнетақы қорларына құйылып келген қаражат, 2013 жылғы реформалар аясында бір орталыққа шоғырланып, мемлекеттік «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» құрылған еді. Ендігі күні сол мемлекет басқаруына өткен қаражаттың ақыры қалай болатынына халық әлі де аландайды. Біреулер Қордың қазіргі қожайыны Ұлттық банктің қызметін сынаса, енді біреулер қаражатты жұмсаудың ашықтығын талап етіп жатыр.





БЖЗК

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Сөйтіп, бұған дейін түрлі жекеменшік қаржы құрылымдарының қарамағында болып келген халықтың зейнетақылық қаражаты былтырдан бір қолға, яғни бір Қорға шоғырланды. 2014 жылдың 27 наурыздан бастап барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттары «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына» орналастырылды.






Бұған дейін әлгіндей ауыстыру операциялары кезінде халықтың қаражаты «жоғалып» кетпей ме, деген қауіптер де сейілген тәрізді. Қауіп сейілді делінгенмен, тәуекел-қатерлер әлі сейілген емес. Соның ішінде жұрт «кәртейген шақта кәдеме жаратамын» деп жинайтын қаражатының қайда кетіп жатқанын да білгісі келеді. Оның үстіне бүгін мың теңге болып тұрған сол жинақ, ертең кәрілік алқымға келгенде бір теңгеге айналып, құнсызданып шыға келмесіне кім кепіл?




Айта кететіні, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» аталатын мемлекеттік ұйымның бірден бір акционері ел Үкіметі болса, халықтың зейнетақылық активіне инвестициялық һәм сенімгерлік басқаруды Ұлттық банк жүзеге асыра бастады. Сол Ұлттық банктің мәліметіне қарағанда, 2017 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,75 трлн. теңге болды. 2017 жылғы 1 ақпанда шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,04 млн. бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 9,58 млн. бірлік болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 423,35 мың бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39,11 мың бірлік болды.

2014 жылдың 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» жүйесіндегі салымдар сомасы 4 трлн 318 млрд.теңгеге жеткен. Әлбетте, бұл аса қомақты сома. Ал ондай қаражаттың ертеңгі зейнеткерлер үшін берекетін кетірмей, тиімді пайдаланудың жолдары қайсы? Жекеменшік қорлардан алынған қаражаттар мемлекетке өткеннен кейін табыстылығы арта ма? Міне, зейнетке алаңдайтын жұртшылықтың білгісі келетіні де осы.



Жекеменшік зейнетақы қорлары халықтың қаражатын «қоқыстық» облигацияларға салып келді

Тоқтала кететін жайт, Парламент Мәжілісінде республикалық бюджет жобасын талқылау барысында депутаттардың біразы дәл осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» қызметіне қатысты мәселені көлденең тартқан еді. Тіпті қайсыбір халық қалаулылары Ұлттық банктен Қор қаражаттарының қайда бағытталатынын сұрап, ондай қызметтен барынша ашықтықты талап еткен. Ал өз кезегінде ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Қайрат Келімбетов бұған дейінгі жекеменшік қорларда болған салымшылар қаражатының қызығын басқалар көріп келгенін, бұл қаражат енді ғана табыстылық үшін жұмыс істейтінін алға тартады. Мәселен, Бас банкирдің пайымдауына қарағанда, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» инвестициялық табысы ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша 6-6,5 пайыз шамасында күтіледі. «Анықтама үшін айта кетейін, бұқаралық ақпарат құралдары кешегі жекеменшік қорлардың қызметін көбірек мақтап: «бұрынғы жекеменшік зейнетақы қорларының қызметі тиімді еді», «бұрын жақсы еді, қазір нашарлап кетті» деп жатыр ғой. Ал шын мәнісінде біздің жекеменшік зейнетақы қорларымыз халықтың жинақ қаражатын «қоқыстық» облигацияларға салып келді. Мәселен, олардың қаражат салған банктері еліміздің жетекші әрі үздік 10-15 банктерінің қатарына да ілінбеген болатын. Сондықтан да, өкінішке қарай, біз қыркүйек айында бір мезетте өте ауқымды сома - 100 миллиард теңгеден астам қаражатты көзді жұмып тұрғын «сызып» тастауымызға тура келді, өйткені бұған дейінгі жекеменшік зейнетақы қорларының қызметі шығынды болды», - дейді Қайрат Келімбетов. Сосын Ұлттық банк басшысы жекеменшік жинақтаушы зейнетақы қорларындағы инвестициялық табыстылық деңгейі де жылына 2-3 пайыздан аспағанын атап өтті.




«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» табысы қаражатты тиімді орналастыру нәтижесінде ғана қамтамасыз етіледі, сондықтан да Қазақстанның ірі әрі табысты қызмет ететін банктеріне қаражаттар облигация және депозит ретінде орналасады. Осындай шараның нәтижесінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» инвестициялық табыстылығы биыл 6-6,5 пайыз болжанса, 2015 жылы 7-7,5 пайызды құрайтыны күтіледі», - деді Қайрат Келімбетов. Сөйтіп Бас банкир биылдың өзінде бұйырса былтырғы жылмен салыстырғанда табыстылық көрсеткішін үш есеге дейін артырмақшы. Ал ондай табыстылықтың механизмдері қандай? «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» жаңа инвестициялық декларациясына сәйкес, инвестициялық активтер бойынша Қордағы жинақталған халықтық қаражат негізінен үш бағытта жүзеге асатын болады. Атап айтқанда, жұртшылықтың «кәртейгенде көрер зейнетім» деп жинайтын қаражаты біріншіден, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарына салынады. Екіншіден, Қор қаражаты Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің депозиттері мен облигацияларына орналастырылады. Үшіншіден, Қор қаражаты халықаралық эмитенттердің еурооблигацияларына жолданатын болады. Осындай үш негізден түсетін табыстылықты есептеп көрген Ұлттық банк басшысы биылғы инвестициялық кірісті жоғарыға бағалап отыр екен.



Қазақстанның Қоры Ресейдің банкін неге қаржыландыруы тиіс?

Алайда, әлгі үш бағыттың ішінде халық қаражатының екінші деңгейлі банктердегі депозитке жұмсалуына алаңдушылық білдіретіндер баршылық. Мұндай мәселені өткен жолы ғана Мәжілісте депутат Азат Перуашев көтеріп, біраз жайтты жайып салған. Өз сөзінде «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі былтырдан бергі реформаның әзірше еш нәтиже бермей отырғанын, зейнетақы қорлары арасындағы бәсекенің жойылып, оның мемлекеттенуіне қарамастан, азаматтардың жинақтарының сақталуына кепілдік болмай отырғанын алға тартады.

Бұл ғана емес, депутат Азат Перуашев «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» жүйесіндегі зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кейбір әрекеттерді табыстылық тұрғысынан ғана емес, оларды жұмсаудың негізділігі, ашықтылығы тіпті ұлттық экономикалық қауіпсіздігі тұрғысынан алаңдаушылық туғызатынын алға тартады. «Зейнетақы жинақтарын инвестициялаудың бір құралы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы» активтерді екінші деңгейлі банктердегі депозиттер мен бағалы қағаздарға орналастыру болып табылады. Қисынға салсақ, мұндай орналастыру барысында сол банктің Қордан алған қаражатты қайтару қабілеттілігі ескеріле отырып, яғни екінші деңгейлі банктердің өзіндік капиталының мөлшері ескеріле отырып жасалуы тиіс секілді еді. Алайда, бірқатар жағдайлар бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы» зейнетақы активтерінің екінші деңгейлі банктерге салынған сомасы сол банктердің өзіндік капиталынан айтарлықтай асып кетіп отыр, ендеше олардың өзі қайтарылмаудың тікелей қаупін туындатады деуге негіз де жоқ емес. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы қаржы нарығында орын алып отырған айтарлықтай тұрақсыздықты ескерсек, мұндай тәуекел онан сайын өзекті бола түседі», - дейді депутат Азат Перуашев.



Осыған орай, мәжіліспен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» активтеріне қатысты мәліметтерді де алға тартады. Оның ақпарына қарағанда, «Еуразиялық банктің» өзіндік капиталы 61 млрд теңге болса, БЖЗҚ-нан депозит әлгі банкке 34 млрд теңге, облигация бойынша қосымша 44 млрд теңге тартылған. Осылайша, аталған банктің зейнетақы қорынан тартқан жалпы сомасы 78 млрд теңгені құрайды әрі бұл қаражат «Еуразиялық банктің» жеке капиталынан 22 пайызға артық. БЖЗҚ-нан қаржы тартқан екінші банк – «Каспий банкі», оның өзіндік капиталы 98 млрд теңге болса, Қордан алғаны 169 млрд теңге, яғни азаматтардың зейнетақы жинағынан берілген қаражат банктің жеке қаражатынан 42 пайызға артық. «Альянс» пен «Темір» банкте теріс сипаттағы жеке капиталы (-) минус 54 млрд теңге болса, қолдау ретінде БЖЗҚ тартылған қаражат 39 млрд теңгені құрап отыр. Бұдан бөлек, жеке қаражаты 72 млрд теңгені құрайтын «АТФ» банк те БЖЗҚ-нан 101 млрд теңге алған, ал бұл банктің жарғылық капиталындағы қаражатынан 29 пайызға артық.

«Аталмыш банктердің барлығында басқа да міндеттемелері, басқа да салымшылары бар емес пе? Ендеше олар аяқ астынан өздерінің салымдарын талап ете бастаса не болмақ? Ақылға салып ойлансақ, БЖЗҚ тарапынан жасалып жатқан мұндай қадамды екінші деңгейлі банктерге жасалған қайырымдылық шарасы деуге болады, атап айтқанда Қор қарапайым азаматтардың жинақтаған қаражаты есебінен екінші деңгейлі банктерге қайырымдылық көрсетіп отыр. Ендеше соның есесіне әлгі банктер қарапайым азаматтар үшін неге кредиттердің пайызын азайтпайды? Неге арзан несие ұсына алмайды? Олар қарапайым азаматтар жинаған қаражатты алып отыр емес пе?», - дейді Азат Перуашев.




Айта кетерлігі Ұлттық банк зейнетақы қорындағы қаражатты орналастырғанда әлгіндей банктердің жеке капиталына емес, олардың «келешектегі табыстылығы мен инвестициялық болжамдарына» сүйенген болса керек. Алайда, депутат Азат Перуашев «болашақ пайда» деп бұлайша сілтеме жасаудың еш сенімді еместігін алға тартады. Өйткені, депутаттың сөзіне қарағанда, жоғарыдағы тізімде тұтынушылық несиелеуде көшбасшы болатын банктер де қамтылып отыр. Ал олар несиені кәсіпзатсыз беретіндіктен, қарыз алушылардың төлеу қабілеті де жиі келеңсіздіктер туғызатыны сөзсіз.

«Зейнетақы қорының қаражатын жұмсаудағы тағы бір сорақы мәселе қаражаттың ресейлік «Сбербанкке» бөлінуінде болып отыр. Мұнда да «Сбербанктің» өзіндік жеке капиталы 130 млрд теңге болса, оған біздің азаматтарымыздың жинағынан бөлінген қаражат 152 млрд теңгені құраған. Көршілес Ресейде қазір күрделі экономикалық жағдай орнап тұрғаны кім-кімге де белгілі. Соған қарамастан осындай қадам жасағанмыз қалай? Егер қаржы жүйесінде қиын жағдай туса, онда қазақстандық банктерге бөлінген салымды ұлттық қаржы жүйесін қорғау мақсатында жасалды деп түсіндіріп, ақталуға болады, ал біздің азаматтарымыздың қаражатымен шетелдік банкті қолдау шарасы қисынға келер ме екен?», - дейді Азат Перуашев.

«Осыған қатысты көптеген сұрақтар туындайды. Мәселен, ресейлік банк қазақстандық келешек зейнеткерлердің жинақтарын БЖЗҚ салымшыларының мүддесіне емес, Ресей экономикасының ағымдағы проблемаларын шешуге жұмсап кетпей ме? Өйтсе, ертең зейнеткерлер ақшасыз қалмай ма? Бұндай шешім қалай қабылданып жүр? Егер осыдан бір жыл бұрын Ұлттық банк жекеменшік зейнетақы жинақтаушы қорларындағы инвестициялық қызметтерді ашық емес, тиімсіз деп айыптаса, онда дәл осы проблеманы мемлекеттік Қор қалайша қайталап отыр?», - дейді Азат Перуашев.



қаражатын экономикаға пайдалану, пайдаланбау туралы пікірталастың өрбігеніне 15 жылға жуық болды. Шынымды айтайын, мен сонау жылдары еңбек министрі болып тұрғанда да біз осы мәселені көтергенбіз. Өкінішке қарай, бұл қаражат әзірше шет ел мемлекеттерінің міндеттемелеріне, басқа, қазақстандық емес компанияларға 6-7 пайызбен қызмет етіп жатыр», - дейді Николай Радостовец. Оның айтуынша, Ұлттық палата осы мәселені Үкіметтің, Ұлттық банктің алдына қойып келеді. Атап айтқанда, палата жыл соңына дейін зейнетақы жинақтаушы қорының қаражатын Қазақстан экономикасына тарту механизмін әзірлеу туралы ұсыныс жасап отыр. «Менің әбден сенімді болатын нәрсем, егер бұл қаражат банктердің, сақтандыру компанияларының кепілдігінде болып, қайтарымды жобаларға жұмсалса, одан ұлттық экономика ұтады», - деген палата өкілі ондай жобалардың Қазақстанда жетерлік екенін тілге тиек етті. Мысалы, Н.Радостовецтің айтуынша, Қазақстанда игеруге болатын кен орындары да баршылық. Осыған орай, Ұлттық палата өкілі: «неге біз сырттан қаражат тартып, өзіміздікін басқа шеттегі біреуге беруге тиіспіз?» деген мәселені төтесінен қояды. «Егер зейнетақы жинақтарын айналымға тарта алсақ, онда келешекте зейнетке шығатындар да ұтатыны сөзсіз. Бұның тиімділігі қазіргідей жылына 6 пайыз емес, одан айтарлықтай жоғары болушы еді. Қоғам осыны түсінуі керек: зейнетақы жинағын басқа біреуге пайдалануға берудің қажеті шамалы. Ақша ақшаны тартады, ал біздің жағдайымызда зейнетақы жинақтары жаңа жұмыс орындары мен жаңа салықтық түсімдерді толтыратын еді. Сондықтан да, біз зейнетақы жинақтарын бөтенге беріп, шетелдік құрылымдарға қызмет көрсету арқылы қателесіп отырмыз деп санаймыз», - деп түйіндейді Радостовец мырза.



Айтпақшы, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» алдағы уақытта «Халықтық IPO» бойынша жоспарланған «KEGOC» АҚ-ның қалдық акцияларын қазақстандықтардың салымдары есебінен сатып алуға құқылы. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеевтың айтуынша, қазақстандықтар акцияларды сатып алуды аяқтағаннан кейін аталған Қордың өтінімі қанағаттандырылуы мүмкін.

«Жеке тұлғалардан кейін қандай да бір акциялар қалатын болса, онда біз оны БЖЗҚ-ға сататын боламыз. Алайда Зейнетақы Қоры бұл акцияларды жеке қаржысына емес, салымдардың есебінен алуы тиіс. Осы орайда зейнетақы қоры арқылы іс жүзінде біз жеке тұлғалардың, яғни «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» салымшыларының өтінімін қанағаттандырған боламыз», - дейді Өмірзақ Шөкеев.

















